

**1-ҚОСЫМША – ӘДЕП КОДЕКСІ**

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ»  
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

**Білім берудегі зерттеу жүргізудің  
ӘДЕП КОДЕКСІ**

**Астана 2015**

## **Мазмұны**

КІРІСПЕ .....	3
1 МАҚСАТЫ .....	4
2 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ .....	4
3 ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ .....	4
3.1 Зерттеушінің жеке басының қасиеттері.....	5
3.2 Зерттеуді жүргізу .....	5
3.2.1. Зерттеу жүргізу орнына қолжетімділік.....	5
3.2.2 Ақпараттандырылған келісім .....	5
3.3 Құпиялылық немесе ақпаратқа қолжетімділік.....	6
3.4. Зерттеуді жариялау .....	7
4 ДББҰ ҮШІН ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ .....	8
4.1. Зерттеушілердің құзіреттілігі .....	8
4.2. Зерттеу жүргізу шарттары.....	8
4.3 Әдеп талаптарын енгізуді қолдау.....	9
4.4 Зерттеуді сыни іс-әрекет ретінде қабылдау .....	9

## **КІРІСПЕ**

Осы білім берудегі зерттеу жүргізудің Әдеп кодексі (одан әрі - Әдеп кодексі) білім беру саласындағы Британ Зерттеулер Қауымдастығы (BERA), білім беру саласындағы Американдық Зерттеулер Қауымдастығы (AERA) жүргізген зерттеу саласындағы озық тәжірибелерге негізделе, сонымен бірге Қазақстандағы зерттеу тәжірибесін ескере отырып жасалған.

ДББҰ Әдеп кодексі – зерттеушінің кәсіби іс-әрекетіне негіз болатын ережелер мен құндылықтар жиынтығы.

Осы кодекс нормативтік құжат болып табылады.

## **1 МАҚСАТЫ**

Әдеп кодексінің негізгі **мақсаты** – зерттеу жүргізу үрдісінде зерттеуші ұстануы тиіс қағидалар мен стандарттарды, сондай-ақ осы зерттеулермен байланысты ұйым ретіндегі ДББҰ міндеттерін белгілеу.

Бұл қағидалар мен стандарттар зерттеушінің кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алынатын қағидалар ретінде қолданылуы тиіс. Олар білім берудегі зерттеушінің әдеп тәртібінің нормативтік ережелерін анықтайды және зерттеу жүргізу барысында туындауы мүмкін сұрақтарға қатысты ұсынымдар береді.

Әдеп кодексі 3 қағида мен бірнеше әдеп стандарттарынан тұрады.

## **2 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Әртүрлі контекстегі әдеп мәселелері бойынша іс-әрекет жоспарын анықтауда зерттеуші басшылыққа алатын негізгі қағидалар төменде келтірілген.

✓ *Кәсіби талаптарға сәйкестік*

Білім берудегі зерттеушілер кәсіби іс-әрекет үрдісінде жүргізілетін зерттеудің сапалылығын қамтамасыз ету үшін қажетті ғылыми, академиялық, кәсіби, техникалық және әкімшілік ресурстарды пайдалана алуы керек.

✓ *Шыншылдық, ашықтық, бірлік*

Білім берудегі зерттеушілер зерттеу саласын және өз зерттеулерінің нәтижесін шынайы және батыл көрсетуі қажет. Олар зерттеу жүргізу мәселелерінде ашық, сынды қабылдауға дайын болуы, өз зерттеуінің кемшіліктерін, демеушілік көзін, өзге зерттеушілердің зерттеуге қосқан үлесін мойындауы тиіс, сондай-ақ өз зерттеуін әріптестері және қоғам үшін қолжетімді етуі керек.

✓ *Адам құқықтарын, олардың артықшылықтарын және әртүрлілігін құрметтеу*

Зерттеушілер зерттеуге қатысушылардың құқықтарын, әл-ауқатын және ар-намысын қорғауға міндеттеледі. Олар әріптестеріне қатысты ағат пікір қалыптастыруға жол бермейді, нәсілдік және этникалық түп-тамырына, жыныстық белгілеріне, жасына, дініне, тіліне, денсаулық жағдайына және әлеуметтік мәртебесіне қарай алалаудың кез келген түрін қабылдамайды.

## **3 ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ**

Білім беру саласындағы зерттеушілер өзінің зерттеушілік және кәсіби іс-әрекетінде әдеп стандарттарына сүйенуі керек. Зерттеушілер осы Әдеп кодексімен танысуы және өз зерттеу жұмысында оған сүйенуі тиіс. Әдеп

стандарттарын білмеу немесе түсінбеу әдеп ережелерін орындамауға негіз болып табылмайды.

### **3.1 Зерттеушінің жеке басының қасиеттері**

#### *Құзіреттілік*

Оқытумен, зерттеумен немесе кез келген өзге де білім беру қызметімен айналысатын зерттеушілердің білім беру саласындағы сәйкес біліктілігі және кәсіби тәжірибесі болуы тиіс. Олар өз қызметі саласындағы күнделікті ғылыми, академиялық және кәсіби ақпараттардан хабардар болуы және өз кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіруге ұмтылуы тиіс.

#### *Алалау және шеттету*

Білім беру саласындағы зерттеушілер өз кәсіби іс-әрекетінде нәсілдік және этникалық белгілері, мәдениеті, ұлты, жыныстық белгілері, жасы, діні, тілі, денсаулық жағдайы және әлеуметтік мәртебесі бойынша алалауға және шеттетуге жол бермейді. Олар өз әріптестеріне әрдайым құрметпен қарап, көңіл бөлуі тиіс.

### **3.2 Зерттеуді жүргізу**

Білім беру саласындағы зерттеушілер зерттеудің тұтастығына ықпал етуі және зерттеуді жоспарлауда, жүргізуде, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін таратуда оның әдеп қағидаларына сәйкестігіне көз жеткізуі тиіс.

#### **3.2.1. Зерттеу жүргізу орнына қолжетімділік**

Зерттеушілер зерттеу жұмысын жүргізу үшін зерттеу өткізілетін орынды пайдалану үшін (мысалы, мектеп, мемлекеттік мекеме) жауапты тұлғадан немесе басқару органынан рұқсат алуы тиіс.

#### **3.2.2 Ақпараттандырылған келісім**

Зерттеушілер зерттеуге қатысушылардан немесе олардың заңды өкілдерінен ақпараттандырылған келісім алмайынша, оларды зерттеуге қатыстыра алмайды.

##### *✓ Ақпараттандырылған келісім алу үдерісі*

Зерттеуге қатысу үшін ақпараттандырылған келісім қажет болған жағдайда зерттеушілер зерттеу басталғанға дейін зерттеуге қатысушылармен немесе олардың заңды уәкілетті өкілдерімен шарт жасасуы тиіс. Бұл ақпараттандырылған келісім зерттеудің мән-маңызын және зерттеушінің міндеттерін түсіндіреді; зерттеуге қатысуға байланысты туындайтын кез келген қиындықтарға, сондай-ақ зерттеуге ерікті түрде қатысуына және оның

кез келген сатысында қатысудан бас тартуына болатынына баса назар аударады.

Зерттеушілер зерттеуге қатысу үшін келесі жағдайларда келісім сұрамауы мүмкін: егер (1) зерттеу үдерісі зерттеуге қатысушылар үшін қиындық туғызбайтындай болса және (2) зерттеуге қатысушылардың зерттеу жүргізу туралы хабардар болуы себебінен зерттеу жұмысын жүргізу мүмкін болмайтындай болса. Білім беру саласындағы зерттеушілер осындай ерекше жағдаяттар Әдеп комитетінің немесе мұндай орган болмаған жағдайда, зерттеу әдебі мәселелерінде тәжірибесі бар басқа құзіретті органның мақұлдауын талап ететінін түсінуі қажет.

✓ *Оқушылар мен бағыныштылардың ақпараттандырылған келісімі*

Білім беру саласындағы зерттеушілер өз ұйымындағы оқушылар немесе бағыныштылар зерттеу жүргізу үдерісіне тартылған жағдайда болашақ зерттеуге қатысушыларды олардың зерттеуден шығуы немесе оған қатысудан бас тартуы кезіндегі жағымсыз жағдайлардан қорғауға ерекше назар аударуы керек. Егер зерттеуге балалар (18 жасқа дейін) қатыстырылуы тиіс болған жағдайда білім берудегі зерттеушілер олардың ата-анасының немесе заңды уәкілетті өкілдерінің келісімін алуы керек.

✓ *Дыбыс/бейне жазушы құралдарды пайдалану*

Білім берудегі зерттеушілер суретке түсіру, бейнетүсірілім жасау, аудио- және бейнежазба жазу құралдарын пайдаланбас бұрын зерттеуге қатысушы оқушылардан, қызметкерлерден және басқа тұлғалардан ақпараттандырылған келісім алуы тиіс. Бұл тәртіп (келісім алу) тек қоғамдық орындарда зерттеу жүргізу кезінде жеке тұлғаларға зиян келтірілмейтіндей болса, ескерілмейді.

### **3.3 Құпиялылық немесе ақпаратқа қолжетімділік**

✓ *Құпия ма әлде жоқ па?*

Кейбір жағдайларда, бірақ барлығында емес, зерттеу қатысушылардан алынған ақпараттар негізінде жүргізіледі. Бұл ақпараттардың құпиялылығы сақталуы тиіс. Зерттеуші қатысушылармен ақпаратты қамтамасыз етудегі құпиялылық деңгейі туралы барынша ашық болуы керек.

✓ *Құпиялылықты ұстану*

Құпиялылық туралы келісімдер білім берудегі зерттеушілер және зерттеуге қатысушылар арасында ғылыми, академиялық әрекеттің немесе кәсіби қарым-қатынастың басында жасалады және зерттеу жүргізу шарттарына сәйкес уақытылы қайта қарастырылады.

Білім беру саласындағы зерттеушілер зерттеуге қатысушылармен (оқушылармен, қызметкерлер және өзге тұлғалармен) байланысты ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін қажетті алдын алу шараларын қабылдауы тиіс. Барлық жағдайда кімнің құпия ақпаратқа рұқсаты бар екені нақтылануы тиіс, қалған ешбір адам ол ақпараттарды ала алмайды.

✓ *Құпиялылықты шектеу*

Білім беру саласындағы зерттеушілер құпиялылық кепілдігін шектеуі мүмкін барлық заңдармен, ережелермен, мән-жайлармен жақсы таныс болуы тиіс. Әдеп стандарттарына сәйкес зерттеуге қатысушылар (оқушылар, қызметкерлер және басқа тұлғалар) құпиялылық кепілдігі шарттарымен алдын ала таныстырылуы тиіс.

Құпиялылық ережесін сақтау заңмен қарастырылмаған қоғамдық және басқа орындарда бақылау немесе зерттеу жүргізу үдерісінде құпиялылықты қамтамасыз ету талап етілмейді.

✓ *Ақпаратты ықтимал пайдалануды болжау*

Дерекқорлар немесе жазбалар жүйесіне жеке идентификаторларды енгізуді көздейтін зерттеу кезінде зерттеушілер ақпарат жалпыға қолжетімді болмай тұрып ол идентификаторларды жоюы қажет. Идентификаторларды жою және жасыру мүмкін болмаған жағдайда зерттеушілер мәліметтері өзге зерттеушілерге берілетін және қаралатын тұлғалардан рұқсат алу үшін қажетті шаралар қабылдауы тиіс.

✓ *Құпия ақпаратты беру және сақтау электронды құралдары*

Зерттеушілер компьютерлік желілер немесе басқа электронды құралдар арқылы құпиялы деректер мен ақпаратты сақтау, жеткізу немесе жіберуде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

✓ *Дереккөздердің жасырындылығы*

Зерттеушілер өз еңбектерінде, дәрістерінде, сайттарында және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында зерттеуге қатысушылар, оқушылар немесе өзге тұлғалармен байланысты зерттеу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын аталған тұлғалардың немесе олардың заңды уәкілетті өкілдерінің келісімі болмаған жағдайда жария ете алмайды.

### **3.4. Зерттеуді жариялау**

#### ***3.4.1 Жарияланымдардың маңыздылығы***

Зерттеуді жариялау бірнеше мақсатқа қызмет етеді. Бұл зерттеу үдерісінің бір бөлігі болып табылады, өйткені әріптестердің және қоғамның тарапынан сыни

пікір алу үшін көрсетіледі. Сонымен бірге ол жаңа білім мен түсінікті таратудың құралы болып табылады. Білім беру – үлкен қоғамдық қызығушылық саласы және зерттеушілер өз жұмысының нәтижесін қалың жұртшылыққа ұсынуға мүмкіндігінше тырысу керек.

### **3.4.2 Зерттеу нәтижелерін бұрмалау**

Білім беру саласындағы зерттеушілерге өз жұмысын адал және біртұтас жүргізу міндеттері жүктеледі. Зерттеушілер тікелей зерттеу жүргізу үдерісінде, талдауда немесе зерттеу нәтижелерін көрсетуде зерттеу нәтижелерін бұрмалауға болмайды.

### **3.4.3 Плагиат**

Зерттеушілер өз жарияланымдарында, жұмыстарында, таныстырылымдарында немесе сабақтарында қолданылған мәліметтер мен материалдардың жарияланғаны не жарияланбағанына немесе электронды түрде қолжетімділігіне қарамастан, авторын ашық көрсетіп, сілтеме жасайды. Олар басқа дереккөздерден алынған деректерге сілтеме көрсетпей, ол мәтінге арқа сүйей алмайды.

### **3.4.4 Авторлық құқық**

Білім беру саласындағы зерттеушілер зияткерлік өнімге түбегейлі үлес қосқандардың барлығы авторлар тізіміне енгізілгендігіне көз жеткізуі тиіс. Авторлардың тегі, аты-жөні әліпби ретімен (үлкендік немесе басқаларға сілтемесіз) берілуі тиіс, тек егер бір автор мәтінді жазуға үлкен үлес қосса, ондай жағдайда аталған автор тізімге бірінші болып енгізіле алады.

## **4 ДББҰ ҮШІН ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫ**

Әдеп нормаларына сәйкес білім берудегі зерттеу жүргізу ДББҰ-ға жұмыс беруші және зерттеу демеушісі, сонымен бірге жеке зерттеушілер ретінде біршама міндеттемелер жүктейді. Соның ішінде:

### **4.1. Зерттеушілердің күзiреттiлiгi**

Ұйым зерттеумен шұғылданатындардың тапсырманы орындауы үшін зерттеу жүргізуге жеткілікті біліктілігі, білімі, тәжірибесі және дайындығы бар екендігіне көз жеткізуі тиіс.

### **4.2. Зерттеу жүргізу шарттары**

Ұйым зерттеушілері зерттеуді жоғары кәсіби және академиялық деңгейде жүргізуі үшін жеткілікті уақыт пен дерекқорлармен қамтамасыз етілгендігіне көз жеткізуі тиіс.



### **4.3 Әдеп талаптарын енгізуді қолдау**

Ұйым оның атауы мен тапсырмасы негізінде жүргізілген зерттеумен шұғылданатындардың әдеп кодексі талаптарын түсінетіндігіне және көрсетілген талаптармен сәйкестігін қолдайтындығына көз жеткізуі тиіс. Бұл қосылғанымен, деректерді қауіпсіз сақтауды таныстыруды шектемейді.

### **4.4 Зерттеуді сыни іс-әрекет ретінде қабылдау**

Ұйым зерттеу жұмысы сұрақтар туындатуы және сыннан тұруы мүмкін екендігін мойындауы тиіс. Зерттеушілік есептері заманауи әзірлемелерге сыни көзқарас және олардың сенімді расталуынан тұратын құжат ретінде қабылдануы тиіс.